

2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға N 4 толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қаржы министрлігі 2000 жылғы 14 наурыз N 118. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 18 наурыз өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп тіркелді. Тіркеу N 1096. Күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2005 жылғы 2 маусымдағы N 75 Бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" қаулысының қабылдануына

с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

- 1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту бойынша бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.*
- 2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қатынастарға әрекет етеді.*

Министр

*Қ а з а қ с т а н
Э к о н о м и к а
ж о с п а р л а у*

*Р е с п у б л и к а с ы
ж әне б ю д ж е т т і к
М и н и с т р л і г і н і ң
2 0 0 5 ж ыл ғ ы 2 м а у с ы м д а ғ ы*

N 75 бұйрығына қосымша

*Б і р ы ң ғ а й б ю д ж е т т і к с ы н ы п т а м а с ы н
б е к і т у б о й ы н ш а б ұ й р ы қ т і з б е с і*

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 14 наурыздағы N 118 (тіркелген N 1096) "2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға N 4 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" бұйрығы...

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 " Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін, Қазақстан Республикасының аумағында сатылатын акцизделетін тауарларға және құмар ойын бизнесіне арналған акциз ставкалары туралы" қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058 "2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы" бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет кірістерінің сыныптамасында:

"105229 Газ конденсатын қосқанда шикі мұнай" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"105230 Мұнай өңдейтін зауыттарда сатылатын бензин

105231 Бөлшек саудада сатылатын бензин

105232 Мұнай өңдейтін зауыттарда сатылатын дизель отыны

105233 Бөлшек саудада сатылатын дизель отыны".

2. Осы бұйрық 2000 жылғы 1 сәуірден бастап күшіне енеді.

Министр